

НАУРЫЗ



Сәдуақас А
СТ12-001-01

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

- **Наурыз мейрамы** — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша (наурыздың 22) күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Көне парсы тілінде нава - жаңа және рэзанг - күн, («жаңа күн») мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (но - жаңа және роуз - күн; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді. 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз - Халықаралық Наурыз күні болып қабылданды.
- **Қазақстанда Наурыз мейрамы** үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі (2010 жылдан бастап). Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Өзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.



Наурыз – қазақ халқының

мерекесі

- 22 наурызда күн мен түн теңеледі. Табиғатта, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Қар еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді.
- Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт, бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады.
- Наурыздың мағынасы
- Наурыз, март (парсыша «нау» (жаңа) және «руз» (күн) – Жаңа жылдың бірінші күні деген мағынаға ие. Ол – күнтізбе үшінші айы (31 тәулік), көктемнің басы. Қазақтар бұл Наурыз мейрамы деп те атайды. Халықтың ежелгі наурыздың ал-ғашқы үш күнінде жер-көкті жарып ер (гуіл) естіледі. Мұны тек қана жұмақтан шыққан қой, оны бағып жүрген қойшы ғана естиді. Бұл күні бүкіл тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, нұры құйылады. Сол себепті, халқымыз «Әз болмай, мез



Наурыз құтты болсын!






Салт-дәстүрлер

- Ұйқыашар. Наурызнамада қыз-жігіттер жиналып, бас қосып ұйқыашар әзірлейді. Ол ет, уыз сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Қыздар өздерін ұнатқан жігіттеріне «Ұйқыашардан» дәм таттыратын болған. Мұның мәнісі жігіттердің ұйқысы сергек болсын деген ұғымнан туындаған. «Ұйқыашар» болашақ күйеулерге күш-қуат, махабат, нәзік сезім әкеледі деп те жеңгелері ырымдаған.
- Селтеткізер. Жігіттер қыз-келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны селт еткізер деп атайды. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна – пәктік пен жастықтың, тарақ – әдемілік пен сұлулықтың, иіссу – бүршігін жаңа жарған жауқазындай құлпырудың, жайнай түсудің белгісі.
- Белкөтерер. Наурыз күні қарттарға үлкен құрмет көрсетілген. Оларға арнап жылы-жұмсақ тағамдардан «белкөтерер» деп аталатын дәм дайындалып, ұсынылады. Үлкендер батасын береді

- Наурыз-тілек. Достық көңіл мен тілектестіктің, адамгершіліктің белгісі, әрі тойдың жарасты салтының бірі ретінде айтылған.
- Наурызтөл. Наурыз айында мал төлдей бастайды. Олар наурыз төлі деп аталып, төл басы ретінде бағаланып, малжанды қазақ баласы оны ерекше күтіп бағады. Төл басы сатылмайды, ешкімге сыйға берілмейді.
- Наурыzkөк. Наурыз айында ұшып келетін көктем құсын наурыzkөк деп атайды. Қарасы шағын ғана, осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «Наурыз, келдің бе?» деп шақырып, жем шашады. Наурыzkөкті ешкім қумайды, үркітпейді.
- Наурызшешек. Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түрлі гүлді, қауашақты әсем шөп. Оны үйде де өсіреді. Наурызшешек «Қызыл кітапқа» енген сирек кездесетін бағалы өсімдік қатарына жатады. Оның майының дәрілік қасиеті бар. Қазақстанның таулы аймақтарында оның бірнеше түрі өседі.
- Наурызша. Наурыз айында жұп-жұқа, қиықша қырбық қар түседі. Оны халық «наурызша» деп атайды.

- **Сәлем беру, сәлем ету.** Алыс жолдан келген жолаушы немесе сол елдің адамы ауыл ақсақалдарына немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру – қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» дегендей жөн білетін ақсақалдарымыздың өзі амандасуды да ұят көрмеген. Егер сәлем ер азаматтарға байланысты болса, сәлем берді деп айтылады. Сондай-ақ, ақ жаулық тағып, келін деген асқақ атты иемденген нәзік жандыларымыз да үлкендерге сәлем салған. Ондайда, жанындағылар үлкендерге «пәленшенің келіні сәлем беріп жатыр» деп жеткізеді. Мұндайда көне көз қарияларымыз «Көп жаса, бақытты бол» деп бата қайырған. Егер сәлем әйел затына қатысты болса, сәлем етті деп айтылады.
- **Ат тергеу.** Халық дәстүрінде адамға құрмет көрсетудің жолдары көп. Соның бірі – ат тергеу. Ұлт дәстүрі бойынша әйелдер атасының, қайнаға, қайынсіңілісінің атын атамай, өзіне лайықты ат қойып, «мырза, қайнаға, бай атам, би аға, жалқы бала, тентегім, еркем» әйел болса, «шебер шешей, ақ әже, сырғалым, шашбаулым, күлімкөз деп атайды. Мұның бәр шын мәнінде сыйластық пен құрметтің ерекше белгісі болып табылады. Ер адамдар да ақсақалдар да өзінен үлкендерді «ата» әке, Ереке, Аха, Жәке, Сәке деп құрметтеген. Ат тергеу – біздің халқымыздың адам сыйлау жөніндегі ізеттілік, көрегенділік, кішіпейілділік қасиеттерінің биік көрінісі. Өзінен үлкен адамның атын тура атау анайылық болып табылады.

- 
- Асар. Ауылға асар жасататынын хабарлайды. Бір жанұяның қолынан келмейтін жұмыстарды атқару үшін бір ауылдың адамдары «асарға» шақырылады. Мысалы: үй көтергенде, егін салғанда, шөп шабуға тағы сол сияқты көлемді, ауыр жұмыстарға шақырылады. Асарға шақырушылар еңбегі үшін ақша талап етпейді. Оның есесіне асарға шақырушы адам оларға май сойып, қымыз құйып, жақсы ас әзірлейді. Асар- қазақ елінің ұжымдық топта жұмыс істеуінің бір көрінісі деп қарауға болады.
 - Шөміш қағу. Көктем келе қар кетіп, жер жіпсіп, көк шыға бастайды, бәйшешек шығады. Сәуір келе аспанды бұлт жауып, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Үлкендер бұл күнді қуанышпен қарсы алған. «Күн күркіреді, көк дүркіреді», - деп. Себебі, күн күркіресе, жаңбыр жауып, жер гүлденеді. Осы мезгілде қолдарына ағаш ожау алып, табалдырыққа қойып, маңдайшаға тигізіп: Сүт пен, айран мол болсын. Аштықпен, бақытсыздық алысқа кетсін. Халық тоқ болсын, жайдары жүзді, көңілді болсын – деп алғашқы көктемді күннің күркіреуі мен жаңбырды қарсы алған. Көктемде шығатын жуа, қымыздықты жеуге болатын – күн күркіремей жеуге болмайды.

- Тәбәрік. Бәйгеден не құдалықтан алған сыйлығынан, кәдесінен «тәбәрік» сұрау. Сый алған адам бөлісуі керек. Бұл әдет-ғұрыптан бас тартқан адам дәстүрді бұзушы болады. Оны көпшілік алдында күлкі етеді, айыптайды.
- Қонақ асы. Қазақ халқы өте қонақжай екендігін көрсете білген. Бұл мырзалықты көптеген шетелден келген қонақтар да айта жүреді. Қонақты құрметтеп, қарсы алып, бар тәтті-дәмдісін қонағына береді. Тәуір асын қонағына сақтайды. Қонақ үш түрлі болады:
 - - арнайы қонақ – әдейілеп шақырған қонақ , не келген қонақ.
 - - құдайы қонақ – жолда жүрген адам, шаруасымен жүрген адам.
 - - қыдырма қонақ – ауылының адамы – ас піскен кезде келе қалған.
- Кейбір бай, атқа мінерлер қонағасы бермеген үйге айып салып кеткен. Айып түрі жылқы, түйе болған.
- Қап қағар. Қыстың аяғында, көктемге қарай «соғым» еті бітеді. Қалған етті қап түбіне салып, сол күні қалған етті асып, шағын адам шақырып, сыйлайды. Бұл сыйлықты «ет қайтар» - деп атайды. Ал қалған етті (қаптағы) көршілерін шақырып, құрмет көрсетеді. Ол «қап қағар» деп аталады.

Қыз ұзату



Қызды үйінен ұзатып салу ата-ана үшін өте үлкен бақыт. Себебі кез-келген ата-ана өз қызын таңдаған жары мен құда-құдағиларына аманатпен шығарып салғысы келеді. Сондықтан да қандай ата-ана болмаса да бұл күнге өте мұқият дайындалады. Жігіт пен қыз келіскесін бір-бірінің ата-анасымен танысып алғаны дұрыс. Той кезінде түсініспеушіліктер болмауы үшін құдалар алдын ала киіт анау мынауы алдын ала келісіп алғандары дұрыс (көбіне келіспеушіліктен реніш туып жатады). Қазіргі заманда қызға сырға салу мен бірге қызды ұзатуды бірге жасайды.

Сонымен қызды ұзатар кезінде мынандай салт - дәстүрлер жасалады: Құдалар келе жатқан кезде есік алдына екі адам **арқан тартады**, арқан тартқан адамдарға құдалар жағы өз жоралғысын (орамал, мата, ақша) береді.

Құдалар есіктен кіріп амандасқаннан соң, қыздың екі жеңгесі жігітті **отқа май құйғызуға** алып кетеді. Отқа май құйғызғанан соң жігіт жоралғысын (көбіне ақша, моншақ анау-мынау ұсақ түйектер) береді.

Құдалар жайғасып алғасын, болашақ **келіндерін таныстырады**. Оған құдағи көрімдігін беруге міндетті. Жастарға бір бөлек үлкендерге бөлек

дастархан жасалады.



Қарсы алу. Қолға су құю. Дастархан басына шақыру. Шай құю, шыны әперу. Табақ тарту. Қой сою.

Қашаннан қонақжай халқымыз дастарханнан дәм, төрінен жан кетпегенін тілеген, «қонақ келсе- құт», «құтты қонақ келсе –қой егіз табады» деп ең тәтті тамағын қонағына сақтаған. Ұрпағына ұлағат болар осындай ғұрпы бар ұлтымыз үйіне келген қонағын қадірлей білген, сый-құрмет, қошемет көрсетіп, кішілік кісілік танытқан. Солардың айқын айғағы ретінде бүгінге әдемі әдептер, **ырымдар** жеткен. Осындай әдет-ғұрыптың бірнешеуін ортаға салсақ дейміз. Әлбетте, «әр елдің салты басқа» демекші, әр облыс, әр ауылдың бұрыннан қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіне, күнкөріс, қам-қаракетіне орай дәстүрге айналған, сол өңірге ғана тән үрдістер де болуы әбден мүмкін. Оларды жоққа шығармай, тек соларды бізде білейік, жақсысы болса қабылдайық деген ниетпен оқырманға қозғау салу үшін де бұл мәселеге арнайы тоқталуды оң санайық.



Биесі құлындап, сиыры бұзауласа асып ырым жасайтын тойшыл-думаншыл қазақ сәбиді бесікке салғанда той жасамай, ойын-сауық өткізбей тұра ала ма? Жиғаны мен тергенін халайық пен қонағына ақысыз-пұлсыз шашатын қазақ бесік тойының шығынына мәу демейді. Қайта аз болады, келгендер ренжіп қайта ма деп кейбір кемкетігіне кейді. Бесікті арнайы ісмер жасайды. Жөргектен шығарып ит көйлек кигізілген сәбиді бесікке ауылдың кез келген әйелі салмайды. Бұған-да ел-жұртына аяулы, ұрпақты бір бәйбіше лайық.

Бұрынғы шаман дінінің отқа табынған салты бойынша әлгі бәйбіше темірді отқа қыздыртып сәбидің маңына пәле-жала, жын-шайтан жоламасын деп бесіктің арқалығын бірнеше жерден қарайтып тұрып қариды. Басқа бәйбішелер қырандай болсын деп бүркіттің тұяғын байлайды арқалыққа, кейбірі тұмар жаздырып тағады. Бұл бесік дегеніңіз баланың тазалығы үшін, көшпелі елдің көші-қоны, ат үсті үшін табылмайтын қолайлы нәрсе. Баланың көк етуі үшін, кіш етуі үшін түбектен қолайлы нәрсе жоқ. Түбіне күл салынған осы бір киіз түбектің өзі де тым таза. Кәзіргі келіншектер тегене-тегене жөргек жуып былығыады да отырады. Мынадай сабынға тапшы заманда бүйтудің өзі оңайға түспейді ғой.

Бесікте бала көбінесе омыраудан шыққанша жатады. Ит көйлегі тозып, қарын шәші алынған бала талпынып, артынан бақа тірсегі бір бүктеліп, бір созылып еңбектей бастайды. Бұл кезде дөңбекшіп бесікке өзініңде жатқысы келмейді. Бала бұл шамаға келген соң бесікті аса кәдірлейтін қазақ әдемілеп тазалап, келешек ұрпақ тезірек келсін, енді сол жатады деп үйдің ең бір сенімді жеріне сақтайды. Бесікті қазақ құрметтейтіні, сақтайтыны соншалық, атасы жатқан бесікке немерелері жатады. Кейде қазақтың туған жерді де алтын бесік деуі де осы ардақтаудан шыққан болар. Сондықтан да бесік тойы қазақ өмірінде үлкен орын алады.

Бесікке баланы қырқынан шыққан соң салады. Оғанға дейін бала жөргекте болады. Өйткені оған ит көйлекті кигізу қиын. Бесікке салған күні қарын шәші алынып оған бір молла ат қояды. Атты азанмен жұртқа естірте айтып, онан соң бесіктегі баланың екі құлағына: «Сенің атын пәлен» деп молла айғайлап айтады.

Тұсау кесу



Бала бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң қаз-қаз баса бастайды. Өз аяғымен туған жерінің топырағын басып, із түсіріп, өз көзімен алдына қарап бет алады. Ұядан өз қанатымен қалықтап ұшқан балапандай бала да, ең алғашқы тіршілігін бастайды. Мұны ежелден түсінетін қазақ баласының келешегіне ақ жол тілеп, тұсау кесер жасайды. Бұған да **мал сойып**, жұрт жияды. Баланың анасы ала-құла шуда жіптен екі-үш қарыс дайындап, оны ауылдағы ең бір желаяқ пысық әйелге: «Ал, тұсауды сен кес. Өзіңдей пысық болсын» деп ұсынады. Ол кісі ала жіпті баланың екі аяғына тұсамысша байлап сонан соң ортасынан кеседі. Бала анандайдағы апасына қарай тәлтіректей жөнеледі. Міне, осыдан бастап кішкене қазақтың өмір жолының алғашқы ізі жер бетін шимайлайды. Тұсау кесу қазақтың өмір сапарының сәтті болу үшін ақ ниетпен жасаған ырымы, құдайға деген құлшылығы. Осы арада «баланың аяғында не себепті ала жіп байланады, қара, қызыл, көк жіп неге байланбайды?» деген сұрақ тууы мүмкін. Бұның мәні мынада: қазақ баласын сөзді естіп ұға алатын, айтқанды ептеп істейтін кезінен – осы тұсауы кесілгеннен бастап ұрлыққа, зорлыққа, жырындылыққа барма, жолама деп баулиды. Біреудің ала жібін аттама, бүлінгеннен бүлдірге алма дегенді әу бастан ақ құлағына сіңісті етеді. Аяқтағы жіптің ала болуы да, оның кесілуі де жоғарыдағыларға жолама, ондайдың жолын қолыңнан келсе кес, дүниенің азы біреудің бір құлаш жібіне, ең құрығанда бұзауға моншақ болар деп қызықпа, тұсауындағы жіпті кескендей ондай арам ой кезіксе кесіп-құртұға тырыс дегені. Бұл – екінші себебі. Бірінші бастағы айтқанымыздай баланың келешегіне жол ашу, ақжол тілеу. Жоғарыдағы біз сөз еткен бессалтты қазақ ұлға да, қызға да ортақ істеді де, алдағы ашамай тойы, тоқым қағуға барғанда ұл әкенің, қыз шешенің баулуына бөлініп, тәрбиенің түрі өзгереді.



Атқа міну жасына толған яғни үш жасқа толған ұл балаға тән тағы бір той – сүндет тойы. Баланы сүндетке отырғызу қазақ халқы ислам дінін қабылдағаннан кейін салтымызға кірсе де, келе-келе ол салтымызға мықтап сіңген. Білетіндердің айтуынша бұл өзі адам денесінің тазалығына арналған шаралардың бірі көрінеді. Баланы сүндетке тақ жасында отырғызады. Яғни үш жаста, бес, жеті, тоғыз, тым кешіксе он үш жаста. Бұл жастан кешіктіруге болмайды. Өйткені шариғат бойынша ұл бала 13 жаста, қыз бала 9 жаста балиғатқа толады дейді. Балиғат жасына толған ұл баланың да, қыз баланың да үйленуіне болатын көрінеді. Бірақ бұл шариғат ыстық аймақта мекендейтін адамдарға арналса керек. Қазақ даласында жиі қолданылып келген сүндетке отырғызу тәсілінің екі түрі бар. Олар: кесу және шету. Кесу көбінесе ес тоқтата қоймаған кішкене балаларға қолданылады да, шету ес кіріп, марқайып қалған балаларға қолданылады. Кесу тәсілін қолданғанда баланың үрпіне қабығы аршылып, әбден кептірілген жіңішке жұмыр ағашты сұғып, үрпінің ағаш сұғылған бөлігін ыстық суға қайнатылған не болмаса отқа қарсаланған өткір ұстарамен айналдыра кесіп алады. Кесілген жерден қан ақпау үшін шөптің немесе ағаш бұтағының салқын күлін кесеге толтырып алып төңкеріп қояды. Кесе сырғып кетпеу үшін оны таза шүберекпен баланың екі санына таңып тастайды. Баланың үстіне көрпе жауып, жан-жағынан қымтап жанында бір кісі аңдып отырады. Бала неғұрлым қозғалмай тыныш жатса, салқын тимесе кескен жері тез қара қотырланып, ұзамай жазылып кетеді. Ол үшін баланың сұраған тамағын, жақсы көретін ойыншығын дайындап көз жазбай аңдып отыру ләзім. Мұндай жауапты іске үй-іші, көрші-қолаң түгел араласады. Біреу ертегі айтып алдарқатса, енді бірі өлең айтып көңілін аулайды. Баланың сүндетінің жеңіл болуы, біріншіден, баланың күтіміне байланысты болса, екіншіден сүндет жасаған адамның қолының жеңілдігіне байланысты болатын.

Тілашар




Тілашар (дәстүр). Тілашар тойына арнап шашу шашады. (Қазақ халқының салт – дәстүрлері). Әр отбасы баласы 7 жасқа толған соң медіресеге, мектепке оқуға береді. Бұл да бала өміріндегі елеулі оқиға, есте қаларлық елеулі кезең болып табылады. Осы күні балаға жаңа киім кигізіп, оқу-жабдықтарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұны дәстүрлі «тілашар» тойы деп атайды. Үлкен-кішілер балаға өсті, азамат болды, «ғалым бол» деген сияқты тілек білдіріп бата береді. Жаңа киіміне байғазы, тағымдар ұсынады. Бұл тәрбиеден бала өскендігінің белгісін сезінеді, оқуға құмарлығы артады. Жақын – жуық адамдар баланың ата – анасына құтты болсын айтып, балаға сәт-сапар тілейді.

- Ғалым бол!
- Халқыңның адал азаматы бол!



Наурыз тойы тамаша,
Наурыз тойы жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.
Наурыз тойы салтанат,
Наурыз тойы мархабат.
Әр жүректен ән тарап,
Шаттанады шартарап.



- Наурызнама – шат-шадыманды ойын-сауық, той. Кей жерлерде наурыз тойы деп те аталады. Бұл күні үлкен болсын, кіші болсын осы мейрамға келіп, көңілді ойын-сауықтар жасалады. Мұнда шарап ішу, ренжісу сияқты жағымсыз әдеттерге қатты тыйым салынған. Тойға ат жарыс, палуан күрес, басқа да спорт бәсекесі, айтыс, түрлі ойындар мен көңілді жұмбақтар, ән, өлеңдер, наурыз жырлары айтылады. Әркім үлкендерден бата тілейді.

